



**САЛАМАТТЫ
ҚАЗАҚСТАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**



**ОСЫ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
«ДЕНСАУЛЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫ (БҰДАН
ӘРІ – МЕМБАҒДАРЛАМА) «ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА
ДЕЙІНГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ
ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2010
ЖЫЛҒЫ 1 АҚПАНДАҒЫ №922 3
ЖАРЛЫҒЫН, МЕМЛЕКЕТ
БАСШЫСЫНЫҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 11
ҚАРАШАДАҒЫ «НҰРЛЫЖОЛ –
БОЛАШАҚҚА
ЖОЛ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА
ЖОЛДАУЫН ЖӘНЕ «БЕС
ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАНЫ
ІСКЕ
АСЫРУ БОЙЫНША 100 НАҚТЫ ҚАДАМ»
АТТЫ ҰЛТТЫҚ ЖОСПАРДЫ ІСКЕ
АСЫРУ МАҚСАТЫНДА
ӘЗІРЛЕНГЕН, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
САЛАСЫН РЕФОРМАЛАУ МЕН
ДАМУДЫҢ 2005-2010 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН ЖӘНЕ 2011-2015 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН»
АЛДЫҢҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚИСЫНДЫ
ЖАЛҒАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

МІНДЕТІ

1. Санитариялық әл-ауқатты, қауіп факторларының профилактикасын қамтамасыз ету, дұрыс тамақтануды насихаттау мен саламатты өмір салтын ынталандыру негізінде халықтың денсаулығын нығайту.
2. Халықтың мұқтаждығына бағытталған, интеграцияланған денсаулық сақтау жүйесінің негізінде медициналық қызмет 2 көрсетудің қолжетімділігін, тұтастығы мен сапасын қамтамасыз ету
3. Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту, оның тиімділігін, қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету
4. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу арқылы мемлекеттің, жұмыс берушінің және азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесін құру.

Нысаналы индикаторлар

2021 жылға қарай:

Қазақстан Республикасы халқының күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығының 73 жасқа дейін ұлғаюы;

ана өлім-жітімінің 2009 жылғы деңгейден 3 есеге төмендеуі;
нәресте өлім-жітімінің 2009 жылғы деңгейден 2 есеге төмендеуі;

Қазақстан Республикасы халқының жалпы өлім-жітімінің 2010

жылғы деңгейден 30%-ға төмендеуі;


туберкулезден болатын өлім-жітімінің 100 мың адамға шаққанда


3,8-ге дейін төмендеуі;-

15-49 жас аралығындағы жас тобында АИТВ инфекциясының таралуын 0,2-0,6% шегінде ұстап тұру

2014 жылғы желтоқсанда Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің (бұдан әрі–ХҚДБ) сарапшылары «Саламатты Қазақстан» мембағдарламасын іске асыру нәтижелері туралы есепті жариялады және, олардың пікірінше, оның 6 негізгі бағытын іске асыру нәтижелері мынадай:

- 1) профилактикалық іс-шараларды, скринингтік зерттеулерді күшейту, әлеуметтік маңызды негізгі аурулар мен жарақаттарды диагностикалауды, емдеуді және оңалтуды жетілдіру – өте сәтті;
- 2) қоғамдық денсаулықты қорғау мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру – айтарлықтай сәтті;
- 3) санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жетілдіру – айтарлықтай сәтті;
- 4) Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінде медициналық көмекті ұйымдастыруды, басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру – өте сәтті;
- 5) медициналық, фармацевтикалық білім беруді жетілдіру; медицинадағы инновациялық технологияларды дамыту және енгізу – сәтті;
- 6) дәрі-дәрмектердің халық үшін қолжетімді болуы мен сапасын арттыру, денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық техникамен жарақтандыруды жақсарту – сәтті.





«Саламатты Қазақстан» мембағдарламасын іске асырудың басты сапалық нәтижелері мыналар болды:

республикадағы халық саны 17 417,5 мың адамға дейін ұлғайды; күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығының кәрсеткіші 2010 жылғы деңгейден (68,41жас) 2,04-ке өсіп, 70,45 жасты құрады;

халықтың жалпы өлім-жітімі 2010 жылғы деңгейден 11,7%-ға төмендеген (2010жылғы 1 мың тұрғынға 8,94-ке қарағанда 2014 жылы 7,65); туу көрсеткіші 10,3%-ға артқан (2014 жылғы 1 мың тұрғынға 23,20-ға қарағанда 2010жылы 22,54).ана өлім-жітімінің көрсеткіші шамамен 2 есеге азайып, 2010 жылғы 22,7-ге қарағанда 100 мың тірі туылғандарға шаққанда 11,5-ті құрады;

сәби өлім-жітімінің көрсетіші 40%-ға төмендеп, 2010 жылғы 16,54-ке қарағанда 1000 тірі туылғандарға шаққанда 9,83-ті құрады;

халықтың туберкулезге шалдығуын төмендету динамикасы жыл сайын 10%-ды құрайды, өлім-жітім 5 жылда кемінде 2,5 есеге азайған, ол ДДҰ стратегиясына сай келеді, туберкулезге қарсы қызмет диагностикалау құралдарымен және емдеудің барлық кезеңдерінде қажетті дәрі-дәрмектермен барынша қамтамасыз етілген;

